

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезекті 29 сессиясы болып өтті. Оған депутат Абзал Ералиев төрағалық етті. Сессияның күн тәртібіне сай Қызылорда облысы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы жайлы облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өзінің есепті баяндамасын жасады. *(Баяндаманың толық нұсқасы бүгінгі нөмірде жарияланып отыр).* Аймақ басшысы баяндамасын жасап болғаннан кейін жарыссөздер басталды.

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

31

ШІЛДЕ
БЕЙСЕНБІ2014 жыл
№110 (18804)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

www.syrboyi.kz



АЛДА АТҚАРЫЛАР ЖҰМЫСТАР АУҚЫМДЫ

МӘСЛИХАТ

Жарыссөзге шыққандардың барлығы да алғашқы жартыжылдықта атқарылған жұмыстарға лайықты баға берді. Әсіресе, облыстың келешек дамуы үшін тау-кен саласы өндірісін дамыту, металлургия кластерін қолға алудың маңыздылығы өте жоғары екенін ерекше атап өтті. Мұндай пікірлерді ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бактиярұлы, облыстық мәслихат депутаты-тары Қылышбай Бисенов, Әбдіқадір Ерғешбаев білдірсе, “Шалқия” кешенінің директоры Мақсұт Жайсанбаев “Байқоңыр” ӨКК” АҚ-ның департамент директоры Ғалым Әбілдаев сессияға қатысушыларға облыс әкімі тапсырмасы бойынша осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы қосымша мәліметтер берді.

Сессияда денсаулық сақтау саласындағы жұмыстар жайлы сала басшысы Сапар Рахменшев хабарлап етсе, аймақтағы газдандыру жұмыстарының келешегі жайлы “ҚазТрансГазАймақ” АҚ директорының орынбасары Еркен Қасеев баяндады.

Сессияның күн тәртібіне сай келесі мәселе “2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 18 желтоқсандағы №164 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы С.Құлымбетова хабарлама жасады. Депутаттар бюджеттік өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдады. Сессияның күн тәртібіндегі басқа да мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды.

Сессия соңында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев депутаттарға сөз арнап, жасалып жатқан еңбек те, абайрой да ортақ екенін жеткізді. Ол Сыр елінің болашағы үшін ортаға салынып жатқан ұсыныстар мен жүргізіліп жатқан жұмыстарға халық қалаулыларының әрқашанда мемлекеттік көзқараспен қарап, қолдау білдіріп келе жатқандарына ризашылығын жеткізді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.



ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫ

Құрметті депутаттар, әріптестер!
Бүгін біз осы жылдың бірінші жартыжылдығын қорытындылайын деп отырмыз.

БІРІНШІДЕН, біз биыл өзгеше экономикалық жағдайда жұмыс жасап отырғанымызды атап өтуіміз керек.

Интеграциялық процестерді дамытуда үлкен қалам болып саналатын Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы келісімге қол қойылды. Бұл бір.

Екінші жағынан, Украинадағы жағдайдың әсері сезіле бастады. Өйткені Брюссель мен Вашингтонның Ресейге қарсы енгізіп жатқан кезекті жаңа санкциялары біздің еліміздің экономикасына да кесірін тигізуде. Ерсі болса да, айтатын қазаққа “Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен ізде” деген мақал бар. Бұл мемлекеттерді кез келген жағдайдың әлбетте бізге тікелей қатысы бар. Себебі біз Келендік одақ арқылы бірігіп отырмыз (келендік аймағымыз ортақ).

Ресей экономикасындағы кәзіргі таңдағы жағымсыз динамика Қазақстанның әсіресе өнеркәсіптік секторының дамуын шектеп отыр. Бірінші жартыжылдықта өнеркәсіптік өнімнің шығарылымы өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 0,4 пайызға төмендеді.

Бұл өндіру және өндеу индустриясында болып жатқан жағдай. Мұнай өндіру 1,6 пайызға, ал мыс өндіру бірден 30 пайызға қысқарып отыр.

Жалпы республикалық үрдіске қарағанда, өндеу өнеркәсібін төмендетпей ұстап отыру әсіресе біздің аймақта қолымыздан келіп отыр. Аз да болса, бұл секторда 1,8 пайызға өсім бар.

Алайда, мұнай өндіру көлемінің төмендеп бара жатқанын айта кетуіміз керек – биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында өткен жылдың тиісті кезеңмен салыстырғанда қара алтын 300 мың тоннаға кем өндірілді.

Кен өндіру өнеркәсібі облыстағы жалпыөнімнің өнімінің жартысынан аса алып отырғанын ескерсек, бұл жағдай экономиканың жалпы ахуалына да әсер ететіні анық.

Мұнай және газ министрлігімен, Индустрия және жана технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетімен, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясымен жана кен орындарын барлау бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Әрине, бұл бір күндік шаруа емес.

Естеріңізде болар, облысты дамытуда 2020 жылға дейінгі Стратегиясын әзірлеген кезде, оның негізгі басымдығы ретінде біз металлургиялық кластер құруды айқындадық.

Мұнай, газ, уран секілді шикізатты өндірумен қатар, металлургия саласы өңірлік экономиканың тірегі, ал кейіннен халықтың білікті жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін базисіне айналуға тиісті.

Осы бағытта біз мақсатты жұмыс атқарып жатырмыз және ағымдағы жылдың маусым айының басында бұл мәселені Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы тау-кен металлургиялық кеңесінің отырысында кеңінен талқылады. Нәтижесінде «Қызылорда облысының тау-кен металлургиялық кешенін дамыту бойынша «Жол картасы» қабылданды.

«Жол картасының» бастапқы кезеңінде

бірқатар ірі жобалардың жүзеге асуы көзделген. Атап айтқанда:

- «Шалқия» қорғасын-мырыш кен орындағы кенішті кеңейту және жылына 4 млн. тонна кен шығаратын комбинат құрылысы;

- «Баласауыскандық» кен орындағы кен базасын кеңейту және кен өндеу көлемін жылына 1 млн. тоннаға дейін ұлғайту;

- Қызылорда қаласында қуаттылығы 162 мың тонна томен-алюминийлік ферросилиций шығаратын феррокорытта зауытының құрылысы.

Яғни, бұл біздердің осы саладағы алғашқы «темірқазық» жобаларымыз. Шілде айында кен орын өндірумен айналысатын «Шалқия Цинк LTD» ЖШС-ның 100 пайыз үлесін «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық компаниясының сатып алу жұмыстары аяқталды. Қазір кен орында да финляндиялық инвесторлармен бірге жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Алдағы үш жылда құрылыста 945 адам жұмыс жасайтын болады, 469 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылады.

Кенішті және кен байыту фабрикасының бірінші кезеңін 2017 жылдың соңына дейін іске қосу жоспарланып отыр. Сол кезден бастап тау-кен байыту комбинаты жылына 2 млн. тонна кен өндеп шығара алатын болады. Ал, екінші кезеңін іске қосу 2019 жылға жоспарланып отыр. Комбинат толықтай жоспарлы өндірісті қуатына кіріскенде (жылына 4 млн. тонна кен шығарып) кәсіпорында 1500-ге дейін білікті мамандар мен жұмысшылар қызмет істейтін болады.

Қызылорда қаласындағы феррокорытта зауытына келер болсақ, бүгінде оның стратегиялық инвесторы белгіленді. Ол – кытайлық ірі мұнай-химиялық «Ningxia Baota Petrochemical Technology Industrial Development Co., Ltd» (Baota) компаниясы. Бастапқы кезеңде бұл компанияның үлесі 33 пайызды немесе 80 млн. АҚШ долларын құрайды. Бұл ресурстар қоры қазірдің өзінде Қытайдың Сауда-өнеркәсіп банкіне сакталып тұр.

Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындадық. Қазіргі таңда жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде, жыл соңына дейін мемлекеттік сараптамадан соң өндірістің құрылыс жұмыстары басталады деген үміттеміз.

Бүгінде кәсіпорын құрылысы үшін бұрынғы ЦКЗ орынын және Қызылорда ТЭЦ-не қарасты аймақтан (50 га) жер уақесінінің ресімделуі жүріп жатыр.

Зауытқа қажетті инженерлік инфрақұрылымдарды жүргізу үшін жобалау есептері жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, феррокорытта зауытын бағасы 1 КВт/сағаты 6 теңгеден жоғары болмайтын 200 МВт көлеміндегі электрқуатпен қамту қажеттігін ескере отырып, ТЭЦ-ті жанғырту жұмыстарын қамтамасыз ету қажет. Бұл да оңай шаруа емес, алайда оны тез арада шешуіміз қажет.

Мекеме іске қосылған соң, 700-ге жуық адам тұрақты түрде жұмыспен қамтылады, «Баласауыскандық» кен орны да серпінді дами бастайды.

Өздеріңіз білетіндей, жуырда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов біздің облысымызға жұмыс сапарымен келіп кетті. Жұмыс сапарының негізгі мақсаты ретінде Қызылорда об-

лысында тау-кен металлургиялық кешені бойынша «Жол картасының» жедел жүзеге асырылуы мәселелері қаралды.

Айта кету керек, Үкімет тарапынан облысымызға жақсы қолдау көрсетілді. Мүдделі мемлекеттік органдар мен Ұлттық компанияларға тиісті тапсырмалар берілді.

Шыны зауытының құрылыс жобасына қатысты ұзақ уақыт келіссөздер жүріп, біраз проблема туындағаны белгілі. Ақыры Үкіметтің қолдауымен және «Байтерек» холдингімен бірлесіп Қызылордала салынатын зауытқа байланысты барлық түйткіл шешілді.

Зауыттың құны 260 млн. АҚШ долларын құрайды. Жобаның стратегиялық инвесторы ретінде «Kaveh Gloss Industry Group» иран компаниясы белгіленді (18 неміс-италия технологиясымен жұмыс істейтін зауыттары бар). Компания басшыларының облысымызға сапары кезінде келісімге қол қойылды. Алдағы тамыз айында серіктестеріміз құрылыс жұмыстарын бастауға тиіс.

Біздің міндетіміз – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін инженерлік инфрақұрылымды жеткізіп, теміржол түйінгіның мәселесін шешу.

Сонымен қатар, биыл осы өндіріске қажетті мамандар мен жұмысшы кадрларды даярлау (немесе тарту) жоспарын әзірлеу қажет, әрине, бірінші кезекте жергілікті тұрғындар қамтылуы керек.

Шыны зауытының жобасынан бөлек, иран компаниясы Арал ауданында ыдыс-аяқ және кальций содасы шығаратын зауыттар салатын болды. Бұл да өңірдің дамуына қосымша серпін болары сөзсіз.

Басқа да индустриалды жобалар бойынша жұмыстар жалғасын табула.

Ағымдағы жылдың басынан бері РМЗ «Панага»-пен бірлесіп тұрғын үй-құрылысы комбинатына қатысты жұмыстар басталды. Жобаның құны 1 млрд. 300 млн. теңгеге құрайды. Қазіргі таңда құрылыс-монтаждау жұмыстары жүріп жатыр, өндіріс жыл аяғында іске қосылуы қажет.

Құрал-жабдықтар сатып алу үшін «БРК-Лизинг» қаржы тартылды. Ал, «Weiler GmbH» неміс компаниясы жабдықты жеткізуші болып белгіленді.

Айта кетейін, осы жылдың алты айында облыста 120 мың текше метр тұрғын үй пайдалануға берілді (жыл бойынша 300 мың текше метр мекеніне жетуді жоспарлаудамыз). Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 12 пайызға артық.

ЕКІНШІДЕН, инвестиция тарту мәселесіне тоқталсам.

Өздеріңізге белгілі, үстіміздегі жылы біздер Мемлекет басшысы бастаған екі ірі республикалық жобаны аяқтағалы отырмыз. Олар: жалпы құны 363,5 млрд. теңгеден асатын «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралі мен «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының құрылыстары.

Осыған байланысты, өңірлік экономикаға құйылатын инвестициялар көлемі күрт қысқарды (16 пайыз). Бұл түсінікті. Себебі, тек қана осы екі жоба бойынша өткен жылдың 1 жартыжылдығында 40 млрд. теңгеден астам, ал осы жылдың басынан бастап 12 млрд. теңге инвестиция құйылды.

Бірақ, айта кету керек, біз қосымша мүмкіндіктер, даму резервтерін табуамыз. Соның арасында құны 300 млрд.

теңгені құрайтын бірқатар ірі жобалар пұлы қалыптасты. Олардың біразын іске асыру бил бастамалық.

Қызылорда қаласы әуежайының жолаушылар терминалы құрылысының жобасы бойынша келіссөздер аяқталды.

Ағымдағы жылдың сәуір айында Қызылорда облысының әкімдігі, «Қазақстан Темір жолы» АҚ, «КТЗ Express» АҚ, «Байқоңыр» ӨКК және біздің әуесжай арасында келісімге қол қойылды.

Осы келісім нәтижесінде бірлескен кәсіпорын құрылды («Жолаушылар терминалы» ЖШС). Жоба құнының 70 пайызын «Қазақстан Темір жолы» АҚ Ұлттық компаниясы, ал, 30 пайызын «Байқоңыр» ӨКК қаржыландырады. Оған қажетті қаржы «Байқоңыр» қорында дайын тұр.

Ағымдағы жылдың 14 шілдесінде Премьер-Министрдің қатысуымен облыс орталығының жана халықаралық әуежайының іргетасы қаланды.

Бас мердігер «Базис» ЖШС құрылыс алаңын дайындап, арнайы техникаларын жеткізуде. Жыл соңына дейін құрылыс-монтаждау жұмыстарының кем дегенде 50 пайызы аяқталуға тиіс. Ал келесі жылы жазғытұрым құрылысты аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Көп ұзамай қызылордалықтар Қытайға, Түркияға, Араб Әмірліктеріне және Ресейге тікелей әуежаймен қатынай алатын болады.

Жана терминал барлық халықаралық стандарттарға сай болады. Сағатына 250-510 адамға дейін қызмет көрсете алады. Екі телескоптық трап, заманауи жүк өндеу жүйесі, 120 көлікке арналған автотұрақ салынады.

Облыс орталығының сол жақ жағалауда дамуына серпін беретін тағы бір маңызды мәселе де өз шешімін тапты. Ол – Сырдария өзені арқылы өтетін көпірдің құрылысы.

Бұл жоба 2014-2016 жылдарға арналған республикалық бюджеттен қаржыландырылатын инвестициялық жобалар тізіміне кірді. Осылайша көпір құрылысына қажетті қаражаттың 90 пайызы республикалық бюджеттен, қалған 10 пайызы жергілікті бюджеттен бөлінеді. Биыл құрылыстың басталуына 1 млрд. теңге қаржы бөлінді. Қазір жұмыс жүріп жатыр.

Көпірдің жалпы ұзындығы – 387, ені – 18 метр, оның ішінде 14 метрі – автокөлік жолы.

Құрметті депутаттар!

Біз әрдайым алдымызға үлкен мақсаттар қойып отырмыз. Сол жоспарларды орындау үшін қаржының қажет екені белгілі. Бұл енді **ҮШІНШІ** мәселе.

Сонғы 6 айда қолда бар қордың есебінен жергілікті бюджеттің өзіндік кірісін 25 млрд. теңгеге ұлғайтқанымызды баса айтқым келеді.

Бүгінгі нақтылауды есептегенде биылғы облыс бюджеті 212 млрд. теңгені құрайды. Мисалы, бұл 2013 жылдың басымен салыстырғанда 72 млрд. теңгеге артық. Яғни, біз бір жарым жыл ішінде облыс бюджетін 50 пайызға ұлғайттық деген сөз!

Бұған салықтық базаны кеңейту бағытында жүргізілген жұмыстардың нәтижесі де септігін тигізді.

Естеріңізге болса, осы жылдың бюджетін қалыптастыру барысында Қызылорда қаласы, Сырдария және Жаңақорған аудандарының кірістерін бол-

жам бойынша едәуір көтерген едік. Бұл оларды субвенциялық аймақтар қатарынан шығару үшін жасалған қалам болатын. Кезінде әртүрлі пікірталас болып, бұған күдікпен қарағандар да табылды. Тіпті, бізге «қала мен аудандардың әлеуметтік жүйесін тұрлатасыздар» деген сыни сөздер де айтылды.

Алайда, бұл бастамамыз жемісті болды. Оны бүгін толық сеніммен айта аламыз.

Қызылорда қаласы мен Жаңақорған ауданы бюджет кірісі бойынша қойылған болжамды нық сеніммен орындаса, Сырдария ауданы тек жартыжылдықтың өзінде салық бойынша жылдық болжамды 75 пайызға орындады. Жоспар бойынша Сырдария ауданы субвенциялық аймақтар қатарынан 2017 жылы шығу керек еді. Дегенмен, біз бұл межені келер жылы орындаймыз деп пайымдап отырмыз.

Келесі кезекте Шиелі ауданы тұр. Басқа аудандарда да жақсы өсу мүмкіндіктері бар.

Бұл бізге аймақ дамуының өзекті мәселелерін барынша шешуге мүмкіндік береді.

Нақты айтқанда, біз бүгін кірістер жөніндегі болжамымызды 5,6 млрд. теңгеге дейін көтеріп отырмыз. Осылайша, басталған жобаларды толығымен қаржыландырамыз. Ал келер жылдың басында бұл жұмыстарға бөлінетін қаражатты мейлінше азайтуға мүмкіндік аламыз.

Сондай-ақ биыл республикалық бюджет есебінен жүзеге асатын жобаларды облыстық бюджеттен қоса қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерімізді толық орындауға мүмкіндік бар.

Оның қатарында, “Көлжетімді баспана”, “Бизнестің жол картасы-2020”, “Жұмыспен қамтудың жол картасы - 2020”, “Аймақтарды дамыту” және басқа да маңызды бағдарламалар бар.

Алғашқы рет су тасқыны науқанына дайындықты алдын ала бастауға да мүмкіндік алып отырмыз. Сондықтан бүгін Сіздердің қолдауларыңызға барлығы 48 мыңнан бойынша қорғау бөгеттерін және су құрылыстарын қалпына келтіруге 450 млн. теңге қаражат бөлу жөніндегі мәселе ұсынылып отыр.

Бюджеттің бүгінгі нақтылануының тағы бір басымдығы – ішкі істер органдарын жақсартылау. Бұл біздің қоғамның қауіпсіздігі үшін қажетті мәселе.

Сондай-ақ, облыс орталығын қарқынды дамыту – ортақ мақсат. Қалада атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы көз алдарыңызда.

Жолдарды, көшелерді жөндеу, абаттандыру, жарықтандыру және көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыстар жасалды. Енді бастаған тірлікті өз деңгейінде жалғастыру қажет.

Аймақтың әлеуметтік маңызы бар және инфрақұрылым бағытындағы жобаларын жүзеге асыруға республикалық бюджеттен қаражат тарту үшін орталық тиісті органдармен нақты жұмыстар жүргізіп келеміз. Мәселен, биыл мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде 50 млрд. теңге қаржы алдық. Бұл, облыс үшін жақсы қолдау деп есептейміз.

Алдағы үш жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын қарау барысында біз 2015 жылы аса маңызды жобаларды жүзеге асыру үшін 22 млрд. теңгені қорға жинақтауға мүмкіндік алып отырмыз. Әрине, бұл жұмыс одан әрі

жалғаса береді.

Бұдан бөлек, қалыптасқан экономикалық жағдайда бюджеттік саясаттың басым бағыты мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту болып отыр. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы да нақты тапсырмалар берген болатын.

ТӨРТІНШІ, біз қабылданған облыс әкімінің іс-қимыл жоспарының бірінші кезектегі міндеттер ретінде күнделікті өмірге қажетті инфрақұрылымды дамытуға басымдық берудеміз.

Өздеріңізге белгілі, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының құрылысы аяқталуға жақын. Алдымызда осы магистральға бірінші кезекте облыстың 21 елді мекенін қосу міндеті тұр. Осылайша, облыс тұрғындарының 70%-н газбен қамтамасыз ететін боламыз. 2013 жылы барлық қажетті құжаттар әзірленді. Қазіргі кезде Өңірлік даму министрлігімен аталған құрылысты қаржыландырудың мәселелері қарастырылуда.

Бұған дейін айтқанымыздай, облыстың елді мекендерін газдандыруды қарқынды шешу үшін “ҚазТрансГазАймақ” АҚ-мен облыстың 4 аудан орталықтарын - Арал қаласын, Өйтеке би, Шиелі, Жаңақорған кенттерін, сонымен қатар Байқоңыр қаласын газдандыру жөнінде келісімге қол жеткізілді.

Біз осы елді мекендердің өзінде 170 мыңға жуық адам тұрады, бұл – облыс тұрғындарының 23 пайызы деген сөз. Аталған жұмыстар жоспар бойынша жақын арада басталады.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» желісінен 5 газ құбыры тармағы және кентшілік газ бөлу желісі мен АГРС (газ тарту станса-сы) салынатын болады.

Облыстың инфрақұрылымын дамытуға «ҚазТрансГазАймақ» компаниясы барлығы 23 млрд. теңге тікелей инвестиция салады.

Облыс тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары да жалғасуда.

Ағымдағы жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 8 млрд. теңге қаражат алдық. 21 жобаны іске асыру жұмыстары жүргізілуде. Олардың 10-ы биыл аяқталады. Бұлардың қатарында Қазалы (Байқожа елді мекені), Сырдария (Мәлібаев елді мекені), Шиелі (Жөлек, Алмалы, Тәжібаев елді мекендері) аудандарындағы және Қызылорда қаласындағы (Ажарма, Абай, Айнакөл елді мекендері) жобалар бар. Осының арасында 10,5 мың адам тұратын 8 елді мекен тұрғындары таза ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, біз облыс орталығын сумен жабдықтау және суды сыртқа шығару жүйесін жанғырту бойынша жұмыстарды бастадық.

Қазіргі уақытта жобаның техникалық-экономикалық негіздемелері (ТЭН) әзірленуде. «Қызылорда су жүйесін» автоматты басқарылатын энергия үнемдегіш технологияға көшіру жоспарлануда.

Осы жылдың наурызында Еуропалық қайта құру және даму банкімен қосымша қаржыландыру жөнінде келісімге қол қойылды (жобаның құны 15,5 млн. доллар). Банк 10 млн. доллар қаржы беретін болды, қалғанын өзіміз табамыз.

Қызылжарма жерасты су кенішін игеру жөніндегі жұмыстар жалғасып жатыр. Бүгінде қаланы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін көзделген 85 ұңғыманың 38-і жұмыс істеп тұр.

2-бет

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының орынбасары болып Жандос Базартай тағайындалды. Өзінің іскерлігімен жастардың қобашшысы бола білген Жандос Нұртайұлы «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев құттықтап, жұмысына сәттілік тіледі.

«Аймақтық филиалдың төра

АЛДА АТҚАРЫЛАР ЖҰМЫСТАР АУҚЫМДЫ

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫ

Алдағы жылу маусымына дайындықты қазірден бастап кеттік. Әрине, 2013 жылдың басымен салыстырғанда қазір жағдайымыз біршама жақсы. Естеріңізде шығар, біз сол кезде кейде қай жыртығымызды бірінші жамарымызды да білмедік.

Өткен жылы облыс орталығын тұрақты газбен жабдықтау мәселесі шешілді. Жылу-электр орталығындағы екі қазандық агрегаты жаңғыртылды, сөйтіп біз өткен жылу маусымын едәуір сеніммен бастадық.

Үстіміздегі жылы тағы 2 жылу агрегатын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде, олардың бірі қосалқы болып саналады. Осылайша біз екі жыл ішінде іс жүзінде жылу-электр орталығының негізгі қондырғыларын жаңартатын боламыз.

Тенгенің девальвациялануына байланысты үдерістерге қарамастан, біз жылу маусымының аяғына дейін жылу тарифін өсірмедік. Бірақ біз алдағы күзгі, қысқы кезеңді жаңа тарифермен бастаймыз. Халыққа арналған тариф 8 пайызға қымбаттайды. Өкінішке орай, біз үшін бұл мәжбүрлік қадам, олай істемесе амал жоқ. Өйтпесе, қажетті кәсіпорынды шығынға батырамыз.

Бүгінде әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салалары мекемелерін жылу маусымына дайындауға біз 500 млн. теңгеден астам қаржы бөледі жоспарлап отырмыз. Бұған қосымша Қызылорда жылу-электр орталығын жаңғырту мен кеңейту жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі жасалды. Оның мақсаты – жылу орталығының электр қуатын өндіру көлемін арттырып, аймақтың энергияға тәуелсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

III инвестициялық форумның шеңберінде Қазақстан даму банкімен осы жоба бойынша 8,6 млрд. теңгеге несиелік келісім жасалды. Облыстық бюджет бұл жобаға 1 млрд. 700 млн. теңге көлемінде қоса қаржыландыру шарты бойынша қатысады. Өзінің жұмыс істеу мерзімі ескірген жабдықтар қазіргі заманғы жоғары тиімділігі бар бу-газ технологиясымен алмастырылатын болады.

Бұған қосымша сәуір айында біз Еуропалық қайта құру және даму банкімен Қызылорда қаласының жылумен жабдықтау жүйесін жаңғырту бойынша жобаны қаржыландыру жөнінде алдын ала келісімге қол жеткіздік. Банк бұл жобаны жүзеге асыруға 4 млрд. теңгеден астам қаржы бөледі жоспарлап отыр.

Үстіміздегі жылғы шілде айында Премьер-Министрдің сапары кезінде осы банк (ЕБРР) арқылы Қызылорда электр тарту жүйесін жаңғырту жобасын қаржыландыруға 30 млн. доллардан астам қаржы бөлуге байланысты келісімге қол қойылды. Бұл қаржының 80 пайыздан астамын банк бөледі.

Осы жобаны жүзеге асыру электр жүйелеріндегі қауырт жағдайды қалпына келтіріп, желілердің өткізу қабілетін ұлғайтады, электр қуатының жоғалуын азайтады. Пайдалану шығындары 80 пайызға кеміп, электр желілерінің қызметі 40 жылға артады. Осылайша біз КРЭК-тің дамуына инвестиция тартып, облыстың электрмен жабдықтау мәселесін кезең-кезеңімен тұрақты шешу міндетін қамтамасыз ететін боламыз.

Қазіргі уақытта Еуропалық қайта құру және даму банкі, сондай-ақ Қазақстанның мемлекеттік-жеке әріптестік орталығымен бірлесіп отырып, біз Қызылорда қаласында қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеуді жүзеге асыру жобасы бойынша келісімдер жүргізіп жатырмыз.

Біздіңше, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы жобаларды жүзеге асыруға деген (электр жүйелерін, жылу орталығын, сумен жабдықтау жүйелерін және басқаларын) кешенді көзқарас халықтың көңіл-күйіне әсер ететін проблемаларды түбегейлі шешуге ықпал етеді деп сенеміз.

Жалпы алғанда, бүгінгі таңда Еуропалық қайта құру және даму банкі облыста жалпы құны 20 млрд. теңгенің жобаларын жүзеге асыратын болады.

Өткен жылы біз облыс орталығында жоласушылар тасымалдау проблемасын шешуді де бастадық. Қызылорда қаласында автобус паркі құрылды. Еуропаның қайта құру және даму банкі арқылы озық жабдықтармен жабдықтаған және экологиялық таза отынмен жұмыс істейтін 20 автобус алынды. Қазіргі таңда біз банк көздеген барлық таландары мүмкіндігінше тез орындап, қайта аяғына дейін осындай 100 автобус алуымен мәжелеп отырмыз.

БЕСІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселесі бойынша.

Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау 2012 жылғы 5,5 млрд. теңгеден үстіміздегі жылы 8 млрд. теңгеге ұлғайды. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартыжылдығында ауылшаруашылық өнімдері (8,4 млрд. теңге) 4,5 пайызға өсті.

Өздеріңізге мәлім, өткен жылдан бастап ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері «Агробизнес-2020» бағдарламасы ғана емес, сондай-ақ «Байқоңыр ӘКҚ» жүйесі бойынша да көмек алады. Үстіміздегі жылы біздің құрылғыларға «Байқоңыр» агрохолдингі құрпшты килограммын 50 теңгеден сатып алу арқылы қолдау көрсетуді жалғастырады. Бұл мақсатқа «ҚазАгроКаржы» арқылы 2,3 млрд. теңгенің несие жүйесі ашылды. Ол арқылы қазіргі өзінде қаржыландыру жүзеге асырылуда.

Осы қаржы есебінен 42 шаруашылықтың көктемді даңа жұмыстары қаржыландырылды. Шаруашылықтардың ағымдағы шығындарымен қатар, мысалға, жаңа 20 қуатты комбайн сатып алынды.

Күрші естігінің көлемі биылғы жылы 74 мың гектардан 81 мың гектарға артты.

Бүгінгі күні Жалағаш элеваторында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде, ал тамыз айында таулігіне 150 тонна күрші ақтайтын жаңа күрші ақтау



зауытының қондырғыларын құрастыру басталады. Бұл қондырғылар бүгінде сатып алынған.

Элеватор үшін, сондай-ақ, ауылшаруашылық және транспорттық техника алынып, машина-трактор паркі жаңартылды, өндірістік қуатын жөндеу жоспарланып отыр.

Бүгінгі бюджетті нақтылау барысында Сіздердің қолдауларыңызбен саланы дамытуға тағы да 1 млрд. 300 млн. теңге бөлеміз, ол ауыл шаруашылығы дақылдары егістіктерін әртарапандыру үшін экономикалық ынталандыру түрінде беріледі. Қаржы мәселесінің қиындығына қарамастан осындай шешімге келіп отырмыз.

Биылғы жылы біз қой мен ешкіден басқа барлық мал басы түрінің тұрақты өсуін қамтамасыз ете алдық. Шилей және Жанакорған аудандарында жақында қойлардың қырылуы орын алып, бірақтар шаруашылықтар елеулі шығынға ұшырағанын білесіздер. Соған байланысты, «Байқоңыр ӘКҚ» АҚ арқылы ұсақ мал өсіруді қолдау бағдарламасын жүзеге асыру туралы шешім қабылданып отыр. Осы мақсатта біз «Байқоңыр ӘКҚ» АҚ-ның жарғылық қорын 79 млн. теңгеге қосымша толықтырып отырмыз. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер «Ағарлық несие корпорациясы» несесін «Байқоңыр» ӘКҚ-нің кепілдігімен 7 пайыздық ставкамен ала алады. Бұл жағдайда оларға екіжылдық жеңілдік кезеңі беріледі.

Қызылорда қаласында құрама жем зауытының құрылысы аяқталып келеді. Кәсіпорын үшін германиялық заманауи қондырғылар («Петкус» зауыты) алынған, жол соңына дейін зауыт іске қосылады деп отырмыз. Мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын дамыту жөніндегі басқа да іс-шаралармен қатар, мұның өзі облыстың агроөнеркәсіп секторын дамытуға серпін беруді тиіс.

Барлық шаруашылығы мен балықты өңдеу аймақтың агроөнеркәсіп секторын дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде санаймыз. «Байқоңыр ӘКҚ» АҚ-ның қатысуымен құрылған «Қызылорда СПК Балық» және «Қаратөң Балық» кәсіпорындары бүгінде тиімді жұмыс жүргізуде.

Ірікөл тоған шаруашылығын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар жүргізілу үстінде, ол өз кезегінде облыс орталығын тірі балықпен қамтамасыз етуге жұмыс істейтін болады.

Арал балық өңдеу зауытын сақтап қалу мақсатында оның 49 пайыз акциясын «Байқоңыр ӘКҚ» АҚ сатып алған болатын. Осы жылдың аяқпан айында «ҚазАгроФинанс» АҚ-мен зауытты 10 жыл мерзімге (1млрд. 375 млн. теңге) жалға беру жөнінде келісім-шартқа қол қойылды. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартыжылдығында кәсіпорында 245 тонна дайын өнім шығарылды.

Айта кету керек, осы жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы Үкіметі «САРАТС» жобасының екінші кезеңін жүзеге асыру жөніндегі нақты іс-қадам жасайтын «Жол картасын» бекітті.

Ал ең маңыздысы, ағымдағы жылдың 10 шілдесінде біздің облыста болғанда Дүниежүзілік банк пен Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігі «САРАТС-2» жобасын қаржыландыру жөніндегі ниетін бекіткен бірлескен мөлдімде жасалды (23,2 млрд. теңге). Бұл – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Арал мәселесіне байланысты жасап отырған тікелей қамқорлығының нәтижесі!

АЛТЫНШЫ. Әлеуметтік даму туралы. Соңғы жылы облыста жұмыссыздық деңгейі 5,2 пайыз деңгейінде сақталып келеді. Ағымдағы жылдың алты айында 5700 шамамен жаңа жұмыс орыны ашылды. Бұл біздің жыл бойына жоспарлап отырған көрсеткіштің 60 пайызын құрайды.

Өйтсе де, біздің ең басты міндетіміз – барынша тұрақты жұмыс орындарын ашу болып отыр. Статистика көрсеткендей, облыста шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілері қарқынды өсуде (101 пайыз). Бұған Мемлекет басшысы тарапынан тексерулерге жасалған мораторий сондай-ақ, мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында жасалып жатқан қолдау іс-шаралары әсер етуде. Тек қана «Жұмыспен қамту - 2020» Жол картасы бағдарламасы шеңберінде ағымдағы жылы ауылдық жерде кәсіпкерлікті дамытуға республикалық бюджеттен 2,3 млрд. теңге тарта алдық.

Тұрғындартабысының өсуі (7,7 пайызға дейін), бөлшек тауар айналымының 25 пайызға дерлік өсуі, екінші деңгейдегі

банктердегі тұрғындар салымының артуы (жан басына шаққанда 21 пайызға) аймақ тұрғындарының әл-ауқаты жақсарғанын көрсетеді.

Сонымен қатар, тенгенің құнсыздануына байланысты орын алған процестерге қарамай, негізгі азық-түлік тауарлары түрлерінің бағасын республиканың көптеген өңірлеріндегі деңгейден төмен ұстап тұруға қол жеткізіп келеміз.

Біз әуел бастан азаматтарымызды әлеуметтік қорғауды, білім беру және денсаулық сақтау салаларын дамытуды ең маңызды басым бағыттардың бірі ретінде анықтап алдық. Жалпы алғанда, облыстың әлеуметтік дамуына биылғы жылы біз 122 млрд. теңгеден астам қаржы бөліп отырмыз. Бұл 2012 жылмен салыстырғанда 35 пайызға, 2013 жылмен салыстырғанда 20 пайызға артық.

Облыста денсаулық сақтау саласын дамытудың «Жол картасы» екінші жыл жүзеге асырылуда. Тек үстіміздегі жылдың өзінде «Жол картасында» белгіленген шараларға 2 млрд. теңге қаржы бағытталып отыр (2013 жылы 408 млн. теңге). Нәтижесінде ең өткір деген проблемаларды шешу бойынша оң динамика бар.

Ағымдағы жылдың алғашқы жартыжылдығында бірде-бір ана өлімі тіркелген емес. Туберкулезбен ауырғандар (14 пайызға), жүрек-қан тамырлары науқастары (7 пайызға), онкологиялық дертке шалдыққандар (0,6) азайды.

Ауылдық жерде денсаулық сақтау мәселелері жоспарға сай шешілуде. Өздеріңіздің естеріңізде болар, өткен жылы біз 9 ауылдық аурухананың жұмысын қалпына келтірген болатынбыз. Биылғы жылы тағы 4 ауылдық аурухана: Жанакорған ауданының Келінтөбе, Бірік, Қожакеңет ауылдарында және Шилей ауданының Сұлутөбе ауылында жұмысын бастады. Олардың барлығы да қажетті жабдықтармен жабдықталды.

Осы жылы, сондай-ақ, Сырдария ауданының орталығы Теренөзек кентінде ауысымына 250 келушіге арналған емхана және үш дәрігерлік амбулатория (Жалағаш ауданының Аккыр ауылында және Арал ауданының Аралқум мен Қамыстыбас ауылында) пайдалануға берілуде. Тағы 11 дәрігерлік амбулатория мен Жосалы, Жалағаш және Секеуіл кенттеріндегі 3 емхана құрылыстары жыл соңына дейін аяқталады.

Премьер-Министр облысқа жұмыс сапарымен келгенде біздің тәжірибемізді ескере отырып, осы мәселе бойынша Шилейде арнайы мәжіліс өткізді. Медициналық комектің қолжетімділігі мен сапасын көтеру жөнінде бірақтар ұсыныстар енгізді, оның ішінде жұмыс істеп тұрған заңдар мен басқа да құқықтық-нормативтік актілерге байланысты өзгерту жөніндегі ұсыныстар бар.

Аудандар мен облыс орталығында бірақтар медициналық нысандарға күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Осы айда құрылыс 7 жылға созылған Қызылорда қаласындағы 200 төсектік перинаталдық орталық пайдалануға берілді. Мұнда 600 медициналық қызметкер жұмыс істейтін болса, оның 100-і жоғары санаттағы дәрігерлер.

Байқоңыр қаласындағы перзентхана ғимаратына қатысты барлық мәселелер шешілді. Өздеріңізге белгілі, бұл нысан 2010 жылы салынған болатын. Сол уақыттан бері ол жұмыс істемей келді.

Бұл нысанда ауысымына 100 келушіні қабылдайтын емханасы бар 120 орындық көңсалалы ауруханаға айналдыруға шешім қабылданды.

Нысан облыстық медициналық орталықтың филиалы ретінде тіркелді. Ол қазіргі заман жабдықтарымен жабдықталған және жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етілген, медициналық комектің барлық түрін көрсететін үлкен емдеу-профилактикалық мекемесі болады. Соның ішінде жоғары технологиямен жабдықталған бұл емдеу орны Қармақшы, сондай-ақ, Арал және Қазалы аудандары тұрғындарына да қызмет көрсетеді.

Қажетті құрал-жабдықтарды алу үшін біз Үкіміздің резервтік қорынан 600 млн. теңге алуға қол жеткіздік.

Жыл соңына дейін терапия бөлімшесі мен емхана ашылатын болады. Ал кешеннің барлығы, атап айтқанда неврология, хирургия, травматология, гинекология және жан сақтау бөлімшесі 2015 жылы толыққанды пайдалануға беріледі.

Бұл жерде жалпы саны 500-ден астам медицина қызметкері жұмыс істейтін болады.

Мұнан басқа, осы таяуда ғана облыстық көңсалалы балалар ауруханасының

құрылысы басталды.

Өздеріңіз білесіздер, биылғы жылы біз денсаулық сақтау саласындағы басым бағыттың бірі етіп медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қолға алдық. Шыңдығында, біліктіс дәрігердің қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен жұмыс істей алмайтыны да белгілі.

Тек жоғары білікті мамандар ғана біздің тұрғындарға жоғары сапалы медициналық қызмет көрсете алады.

Жыл ішінде 550 дәрігер мен 1300 орта медициналық маманды оқытуға жіберу жоспарланды. Нақты кезеңде 650-ден астам дәрігер мен 2000-нан астам орта медицина қызметкері өз біліктілігін арттырудан өтті.

Нәтижесінде бір жылда бірінші санаттағы дәрігерлер үлесі 21-ден 30 пайызға дейін өсті. Бұл жұмыс әлі де жалғасын табуда. Біздің мақсат – ең заманауи технологияларды меңгеріп, науқастарды емдейтін мамандарды дайындау.

Осы мақсатта біз А.Сызғанов атындағы Ұлттық хирургия орталығын, сондай-ақ, Қазақ медициналық университетімен үздіксіз білім беру жөнінде әріптестік байланыс орнаттық. Қазіргі таңда мамандарды хирургияның трансплантология секірін қиын бағытына да оқытып жатырмыз.

Тұрғындар арасында біздің қамқорлығымызды ерекше қажет ететіндер – мүгедек жандар.

Өздеріңіз білесіздер, 2013 жылы Қызылорда облысының 2013-2014 жылдары мүгедектердің құқығын қорғау мен олардың өмір сүру сапасын жақсартуды қамтамасыз ету жөніндегі «Жол картасы» бекітілген болатын.

Біз өзіміз мойнымызға алған бұл міндеттеміз үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында ақ 99 пайызға орындалды. Сондықтан да Елбасы тапсырмасына орай наурыз айында 2014-2015 жылдарға арналған жаңа «Жол картасы» бекітілді.

Онда мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыру мен оларға келердігіс ортаны қалыптастыруға ерекше басымдық берілген. Бұл жұмыс біз «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалымен бірлесіп жүргізіп келеміз.

Бірінші кезеңде барлық мүгедектерді оналтудың жеке бағдарламасында көрсетілгендей кәсіби оналтуды қамтамасыз ету міндеті қойылды. Мұндай жандар бізде жыл басында 375 адам болды. Олардың барлығы да жұмысқа орналастырылды.

Ағымдағы жылы мүмкіндігі шектеулі 633 адам жұмысқа орналастырылды. Мұнан өзге тағы да 750 адам жұмыс жасауға ниеттілігін білдірген. Бұл біздің мақсатты тобымыз. Сондықтан да олардың әрбірімен біз жеке жұмыс жасайтын боламыз.

Біз мүгедек жандардың әлеуметтік және көліктің инфрақұрылымдарға қолжетімділігін қамтамасыз ету жайына ерекше көңіл бөліп отырмыз. Дегенмен де, мүгедектердің қауіпсіз қозғалуына бейім нысандар әлі де аз санаймыз. Сондықтан да келердігіс ортаны қалыптастыру мәселесін шешуге әлі де біз айрықша көңіл бөліп отырмыз.

Өкінішке орай, Талсуат ауылдық округіндегі ересектерге арналған жүйке аурулары интернат үйі құрылымының құрылысын аяқтау да бірақтар қиындықтар бар.

Бұл аймақтағы 2013 жыл басындағы 34 «сакалды» құрылыстың соңғысы және облыс әкімінің 2014 жылғы іс-қимыл жоспарында көрсетіліп, бірақ жоспарланған мерзімде пайдалануға берілмеген жалғыз нысан.

Мұнда мердігерге қатысты сот ісі әлі аяқталған жоқ. Сот процесі үстіміздегі жылғы қыркүйек айында аяқталады деп күтілуде. Соған кейін ғана біз жұмысқа кірсе аламыз. Қазір қалған құрылыс жұмыстарының көлемін анықтау мақсатында арнайы құрылған комиссия нысан.

Бұған дейін қаржыландырылған бұл құрылыс нысанын бюджет қаржысы есебінен қайта қаржыландыруға заң бойынша рұқсат етілмейді. Сондықтан да қаржыны бюджеттік емес көздерден іздестіретін боламыз. Алдын ала болжам бойынша оған 500 млн. теңге керек.

Білім жүйесін дамыту жөнінде де мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Өткен жылы біз «Балапан» бағдарламасын 2020 жылға дейін емес, 2015 жылы аяқтауға міндеттеме алғанбыз. Бүгінгі күнге 3 пен 6 жас аралығындағы балалардың 87 пайыз мектепке дейінгі тәрбиемен қамтамасыз етілген. Жыл соңына дейін 1200 орындық 5 бала-



құру үшін шетелдік әріптестерді тарту тапсырылды.

Халықаралық стандарт жөніндегі кадрлар дайындауда оқыту сапасын көтеру үшін жұмыстар жасалуда. Биыл алғаш рет 115 инженер-педагог Беларусь елінің үздік оқу орталықтарында өз білімдерін жетілдірді. Сонымен бірге, 3 колледждің өкілдері Білім және ғылым министрлігінің Дүниежүзілік банк желісі бойынша гранттың жетіп алып, Франция мен Германияда қайта даярлаудан өтуде.

Мәдениет саласына тоқталар болсақ, алдағы қыркүйек айында Қорқыт ата мемориалын күрделі жөндеу жұмыстары аяқталады, онда «Қорқыт және Ұлы дала саздары» атты түркі тілдес елдер фольклорлық музыкасының халықаралық фестивалін өткіземіз.

Облыстық филармония жанынан Камералық симфониялық оркестр құрылды. Жақын күндерде осы жаңа өнер ұжымының тұсаукесері болды.

Облыстық драма театр жаңа ғимаратының құрылысы және облыс орталығында көркем галерея құру жөнінде дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Әрине, адам баласы тек қана тіршілік түйткілдерімен шектеліп қана қоймай, әрбір адамның өмірінде рухани байлығы да өте маңызды емес пе?! Әсіресе, жастарды қалыптастыруда.

Елордамыз Астанада өткен Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері биылғы жылдың басты мәдени оқиғасы болды.

Облыс орталығында облыстың барлық аудандарының мәдени күндері өтті.

Өткізілген шаралармен қатар биылғы жылы біз барлық ауылдық мәдениет үйлерін қосымша штаттармен нығайттық (барлығы 410 бірлік). Бұның өзі әрбір елді мекенде мәдени-көпшілік шараларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Спорт саласында да елеулі жетістіктер бар. Өздеріңіз білетіндей, Астанада Ұлт көшбасшысы – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүлдесіне арналған қазақша күрестен «Қазақстан барысы - 2014» IV республикалық турнир аяқталды. Астана кілемінде құрылоралық Руслан Әбдіразақов қола жүздені жеңіп алды.

«Кайсар» футбол командасы да жаңқуырлерін қуантады. Жерлестеріміз Қазақстан Премьер-лигасының алғашқы алтылығына кіріп, енді медаль үшін күрестетін болады.

Құрметті депутаттар!

Біз әрдайым жұмыстарымыздың нәтижесіне халықтың көзімен қарауға тырысамыз.

Атырылған жұмыстар аз емес, бірақ алда одан да көп жұмыс атқаруымыз қажет. Төкмейлісуге ешқандай негіз жоқ.

Өйткені, біз тауу болашақта экономикалық өсімінді елеулі әлсіреуге қазірден дайын болуымыз керек.

Өкінішке орай, сарапшылар атап өткендей, ақпандағы ұлттық валюта құнсыздануы өнеркәсіп өндірісінің өсімін ынталандыра алмады, әсіресе оның экспорттық салаларына. Десе де, ол үлкен құлдыраудан сақтау жолында белгілі дәрежеде «қауіпсіздік жастығы» ролін орындағандай болды.

Өңдеу индустриясының жағымсыз динамикасын саралай келе, теңге бағамының шұғыл төмендеуі оған айқын теріс ықпал етті. Өйткені саланың бұл өндіріс импорттық құрал-жабдықтар және импорт құраушымен тікелей байланысты. Бұл теңге құнсызданғаннан кейін біздің ақшаға есептегендей қайта қымбаттап кетті.

Банк секторында да айтарлықтай проблемалар бар. Олар қандай мәселелер?

Банктердің несие портфелінің 30 пайыздан астамы – бұл экономикалық айналымнан таза шығып қалған және басым салаларды дамытуға жұмыс істемейтін «наша» неселер.

Егер 2000-2007 жылдар кезеңінде әлемдік экономика орта есеппен 4 пайызға өсіп отырса, сарапшылардың пікірінше асапты жылдары осы деңгейі 2,5 пайызға дейін төмендеуі мүмкін.

Капиталдың кері ағымының күшеюі дамушы елдерге инвестицияның 50 пайызға аз екені оған да жоғары деңгейде қысқаруына әкеп соғуы мүмкін деп күтілуде.

Осы жағдайды ескере келе, сарапшылар жағымды болжамдар үшін негіз жоқ екенін айта тартуда. Еуропайлықтың экономикалық көрсеткіштердің әлсіздігі, Қытайдың даму қарқынының төмендеуі оптимистік болжамдар жасауға мүмкіндік бермей отыр.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Шиеі ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120700, Шиеі кенті, Т.Рысқұлов көшесі 6 үйі, анықтама үшін байланыс телефоны: 8(724)-32-41404, электронды пошта akimat_shieli@mail.ru «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. «Шиеі ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы (Е-3 санаты - 1 бірлік) (негізгі қызметкердің жүктілігіне байланысты еңбекке жарамсыздығы демалысы кезеңіне уақытша – 2014 жылдың 12 мамырынан-14 қыркүйекке дейін). Лауазымдық жаалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 78797 теңгеден 106345 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: 1. Бөлім жұмысына басшылық жасау, аудан әкімінің шешімдері мен өкілдерінің дұрыс ресімделуін, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Парламенттен, Премьер-Министр Кеңесінен, облыс әкімі аппаратынан түскен құпия құжаттарды есепке алу, оларды сақтау, жолдау және кері қайтару бойынша жұмыстарды және Қазақстан Республикасында құпиялық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқауға сәйкес ұйымдастыру, аудан әкімдігі мәжілістерін өткізуге қатысу, тоқсан сайын арыз-шағымдар бойынша атқарылған жұмыстар жайлы, әрбір жартыжылдықта құжаттар айналымы жөнінде облыс әкімі аппаратына хабарлама беру, аудан әкімінің елтаңбалы мөрінгі пайдалануы мен сақталуына және жауапты. 2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет қаулыларының, облыс, аудан әкімдерінің өкім, шешімдерінің, облыс және аудан әкімдіктері қаулыларының мерзімінде орындалуын бақылау, аппаратта еі жүргізу талаптарының орындалуын қамтамасыз ету. 3. Аудан әкімі аппаратында, аудандық дербес бөлімдерде, кент ауыл округі әкімі аппараттарында құжаттармен айналымы жөнінде практикалық көмек көрсету. Еі қағаздарын талаптарға сәйкес жүргізілуін бақылау. Еі қағаздарын жүргізу номенклатурасын дайындау, құжат айналымын отңтайландыру шараларын бақылау. Мұрағатқа тапсыруға жататын істерді ресімдеу мен қалыптастыруда, аппараттың еі жүргізу, ақпараттық бақылау жұмысын жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізеді. Құпия еі қағаздарын жүргізу, құпиялық режимін сақтауды қамтамасыз ету. Азаматтардың арыз-шағымдарының уақытылы қаралуына бақылау жасайды.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары экономикалық, заңгерлік, гуманитарлық немесе педагогикалық немесе құжаттанушы немесе жергілікті мемлекеттік басқару білімі. Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс: 1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес; 2) осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес; 3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде қадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы; 4) ғылыми дәрежесінің болуы.

2. «Шиеі аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі (Е-Р-3). Қызмет өткерген жылдарында байланысты лауазымдық еңбекақысы 74313 теңгеден 99938 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Аудандық құрылыс бөлімі арқылы салынып жатқан және жандан салынатын әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдары нысандарындағы жұмыстардың орындалуын қадағалау және олардың жобалық-сметалық құжаттамасына техникалық негіздемесінің жобасын дайындап ұсыну. ҚР «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңы талаптарында айқындалған тәртіппен құрылыс, жобалық және басқа да жұмыстарды сатып алу үшін конкурстық тәсілмен мемлекеттік сатып алулар өткізеді. Жобалық-сметалық құжаттамалар мен техникалық-экономикалық негіздемелерге тапсырыс беру алдында оған қатысты құжаттар пакетін жинақтап дайындайды. Аудандық құрылыс бөлімі арқылы салынған немесе салынып жатқан құрылыс объектілері бойынша жеке немесе заңды тұлғалардан түскен өтініш, арыздарды заңда көрсетілген мерзімде тексеріп, шешім қабылдау үшін құжаттар жинақтап, басшылыққа ұсынады. Бөлімге қажетті құрылыс нысандары жайлы мәліметтер мен жоғары орындарға берілетін ақпараттар мен есептерді жинақтап, қорытып, бөлім бастығы арқылы тиісті орындарға жолдайды.

Үміткерлерге қойылатын талаптар: Жоғары, техникалық (инженер-құрылысшы, инженер-гидротехник) білімі. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес облыстарда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде қадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы немесе ғылыми дәрежесінің бар болуы.

3. «Шиеі аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы (Е-Р-4). Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбекақысы 56376 теңгеден 76235 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Құрылыс жүргізуші мекемелер мен ұйымдардың қызметтерінде мемлекеттік реттеу жүргізеді. Аудан қолданбалы құрылыстар салу, дамыту туралы бағдарламалардың еі-шараларын орындауды қамтамасыз етуге ықпал жасайды. Құрылыс саласы жұмыстарына мемлекеттік реттеу жүргізеді. Бөлімнің бухгалтерлік есебімен қаржылық есептілігін жүргізеді. Аудандық салық, статистика басқармаларына, қаржы, экономика бөлімдеріне тапсырылатын есептерді дайындайды, тоқсандық, жылдық бухгалтерлік есептемелерді жүргізеді. Қазақстан Республикасы Президенті

Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының, облыс, аудан әкімдері қаулыларының орындалуын қамтамасыз етеді. Бөлімдегі еңбек өтілін анықтау комиссиясының жұмысын және қаржы, шаруашылық жұмыстарын үйлестіреді.

Үміткерлерге қойылатын талаптар: Жоғары экономикалық (экономист-бухгалтер) немесе техникалық (инженер-құрылысшы, инженер-гидротехник) білімі. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық (экономист-бухгалтер) немесе техникалық (инженер-құрылысшы, инженер-гидротехник) білімі барларға рұқсат етіледі.

4. «Шиеі аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы (Е-Р-4). Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбекақысы 56376 теңгеден 76235 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының, облыс, аудан әкімі шешімдерінің орындалуын жүзеге асыру қамтамасыз етеді. Бөлім басшысы берген тапсырмаларды мерзімінде, сапалы орындалуын қамтамасыз ету. Тұрғын үйге қатысты мәселелер: мемлекеттік тұрғын үйлерге өтініш берген азаматтардың өтініштерімен айналысу, тұрғын үй комиссиясының жұмысын үйлестіру. Мемлекеттік сатып алуға байланысты жұмыстарды жүргізу. Бөлімнің қалр жұмысын ұйымдастыру. Бөлім бастығымен қабылданған бұйрықтардың заңдылығына қадағалау жасау. Төтенше жағдайларға байланысты жұмыстарды ұйымдастыру және арнайы оқу-жаттығуларға қатысу. Еңбек тәртібін сақтау.

Үміткерлерге қойылатын талаптар: Жоғары техникалық білімі. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі техникалық білімі барларға рұқсат етіледі.

5. Тартағай ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы, есепші (Е-Г-4). Қызмет атқарған жылдарына байланысты жаалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет қаулыларының, облыс, аудан және ауылдық округі әкімінің қабылдаған өкім, шешімдерінің орындалуын жүзеге асырылуын қамтамасыз ету. Ауылдық округі әкімі аппаратының бухгалтерлік есеп жұмыстарын жүргізу, тауарлы-материалдық құндылықтарын және негізгі қорларын есепке алу, қызметкерлердің еңбекақыларын, салықтарды және басқа да төлемдерді есептеу және уақытылы аудару, бюджет қаражаттарының тиімді жұмсалыуын, тиісті бюджеттік бағдарламалардың әзірлеуін, олардың уақытылы атқарылуын және ауыл әкімін және аппарат қызметкерлерін материалдық-техникалық, кеңсе және шаруашылық тауарларымен қамтамасыз ету.

Үміткерлерге қойылатын талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі экономикалық немесе бухгалтерлік немесе қаржылық есеп және аудит, менеджмент немесе есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

6. Сұлөтебе ауылдық округі әкімі аппаратының инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жетекші маманы (Е-Г-4). Қызмет атқарған жылдарына байланысты жаалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Ауылдық округте салынып жатқан және жандан салынып отырған әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарындағы жұмыстардың сапалы орындалуын бақылайды. ҚР «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңы талаптарында айқындалған тәртіппен құрылыс, жобалық және басқа да құрылыс жұмыстары үшін мемлекеттік сатып алууды ұйымдастырады. Жобалық-сметалық құжаттамалармен техникалық-экономикалық негіздемелерге тапсырыс беру алдында оған қарасты құжаттарды зерделейді. Ауылдық округте қажетті құрылыс нысандары жайлы мәліметтер мен жоғары орындарға берілетін ақпараттармен есептерді жинақтап, қорытып ауыл әкімі арқылы тиісті орындарға жолдайды. Аудандық сәулет және қала құрылысы, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер және экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімдері мен жұмыс жасау және ауылдық округі әкімінің аппаратына келіп түскен хаттарды мерзімінде сапалы орындау.

Үміткерлерге қойылатын талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі экономикалық, заңгерлік, техникалық немесе орта техникалық немесе кәсіптік білім.

7. Гигант ауылдық округі әкімі аппаратының беру қатынастары жөніндегі жетекші маман, (Е-Г-4). Қызмет атқарған жылдарына байланысты жаалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Елді мекендердегі орналасқан мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне сауда-саттыққа (конкурстарда, аукциондарда) сатуға ұсынылатын жер учаскелерінің тізімін белгілеу. Заңды және жеке тұлғалардан, мекемелерден келіп түскен хаттар мен шағымдарды, бақылаудағы құжаттарды тексеріп, мерзімінде сапалы орындалуын қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметі Қаулыларының, облыс, аудан әкімі шешімдерінің орындалуын жүзеге асыру. Әскери есепке жасы толғандарды анықтау және оларды аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге тіркеуден өткізу. Әскер қатарына шақырылғандары сараптамадан өткізу, тиісті құжаттарды даярлау, әскер қатарына шығарып салу, сонымен қатар жастарды патриоттық отансүйгіштік рухта тәрбиелеу.

Үміткерлерге қойылатын талаптар: Білімі жоғары немесе ортадан кейінгі жерге орналастыру-

шы, жер ресурстарын және жерді үйлестіруді басқару инженері, жер кадастры немесе заңгерлік немесе орта техникалық немесе кәсіптік білім.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасы 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа ниет білдірген азаматтар Шиеі ауданы әкімінің аппаратына келесі құжаттарды тапсырады: 1) Осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш; 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама; 3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері; 4) Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмелері; 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің тізімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама; 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі; 7) Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қалр қызметі) куәландыра алады. Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінздемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың қосым қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Әңгімелесуе жіберілген үміткерлер оны қандидаттарды әңгімелесуе жіберу туралы хабарлар ету күнінен бастап бас жұмыс күні ішінде «Шиеі ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120700, Шиеі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 6 үй, №12 бөлме мекен-жайы бойынша өтеді. Конкурсстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілген соң екі жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға құл беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Құжаттар конкурсу өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Шиеі ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120700, Шиеі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 6 үй, №12-бөлме мекен-жайы бойынша қабылданады. Анықтама тел: 87243241404. Электр почта akimat_shieli@mail.ru

Е-3, Е-Р-3 санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тест-ке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ). Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Е-Р-4, Е-Г-4 санаттары үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тест-ке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Аталымш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Шиеі ауданы әкімдігінің конкурстық комиссиясы.

● СҰРАҚ-ЖАУАП

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы БҮГІННЕН БАНКТІК КАРТАЛАРМЕН ТӨЛЕМДЕР ҚАБЫЛДАҢЫЗДАР

Белгілі жай, 2013 жылдың 1 қаңтарынан «Төлемдер және аударымдар туралы» ҚР заңына өзгертулер күшіне енген. Осыған орай, кәсіпкерлер клиентке олардың сатып алатын тауарлары мен қызметтеріне банктік карталар арқылы төлем жүргізу мүмкіндіктері үшін POS-терминал орнатуы міндетті. Бірақ енді, бюджеттен есеп айырысудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданатын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар қолданылатын терминал қолдырғысы орнатуының мерзімі 2014 жылдың 1 шілдесіне көшірілген, ол 2014 жылдың 10 маусымнан ҚР № 206-V заңы бойынша күшке енді.

Бұл ретте, ҚР салық заңнамасына сәйкес арнаулы салық режимін қолданатын және қызметін Астана, Алматы қалаларында, облыстық маңызы бар қалаларда жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар, осындай жабықты 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап орнатуды және қолдануды қамтамасыз етуге міндетті.

Одан басқа, жаңа заңға сәйкес POS-терминал қолдырғысын орнату міндеттемелері мен ережелерінің орындалуы, қызметкер көрсету кезінде қолма-қол ақшаны пайдаланбай асыратын дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға қолданылмайды.

– Қандай сауда және қызмет көрсету ұйымдары сауда операцияларын жүзеге асырған кезде төлем карталарын қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті?

– Бұл жекеменшік қызмет түрлерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №1743 қаулысымен бекітілген.

Дара кәсіпкерде немесе заңды тұлғада POS-терминал қолдырғысы болмаған жағдайда жеке тұлға салық органдарына өтініш жасауға, сондай-ақ дара кәсіпкерлерді немесе заңды тұлғаларды көрсетілген жабықтың болмағаны үшін жауапкершілікке тартуға құқылы.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР кодексінің 161-2-бабына сәйкес айыппұлдың мөлшері дара кәсіпкерлер үшін – қырық, заңды тұлғалар үшін алпыстан сексенге дейін айлық есептік көрсеткіш мөлшерін құрайды.

– Егер төлем карталарын пайдалана отырып төлемдерді қабылдаудан бас тартса не істеу керек?

– Егер заң бойынша, дара кәсіпкер немесе заңды тұлға төлем карталарын пайдалана отырып жасалатын төлемдерді қабылдаудан бас тартқан жағдайда, жеке тұлға қаржы полициясы органдарына өтініш жасауға болады. Қажеттілігіне қарай, олар әкімшілік істі қозғауға құқылы. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР кодексінің 161-1-бабына сәйкес, мұндай төлемдер қабылдауды заңды бұзғу және қабылдаудан бас тарту үшін дара кәсіпкерлерге – 20 АЕК және заңды тұлғаларға 30-50 АЕК мөлшерінде айыппұл салу түріндегі әкімшілік жауапкершілік көзделген.

– Қазақстан банкілері ақпаратпен күрестің қандай әдістерін қолданады? Төлем карталарын пайдалана отырып жасалатын алаяқтықтың қандай түрлері Қазақстанда көбірек тараған?

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Искаков Айбек Дайрабасвичтің атына Қызылорда қаласы, Шұғыла м/а, 7 үй, 29 пәтерге берілген жылжымайтын мүлікке сатып алу-сату келісім-шарты (№13816, 08.10.2012 ж.), телхоспақты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

Сексенбаев Мажитке Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Абай ауылына берілген мемлекеттік актісі (КЗ №0110139, кадастрлық №10-156-062-065) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

Муратова (Камысбаева) Қазына Бакбергеновның атына Әйтеке би кентіндегі №234 Ж.Жабаев атындағы орта мектепті 1990 жылы бітіргені жөнінде берілген А №198850 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

Машимова (Камысбаева) Шоппан Бахбергеновның атына Әйтеке би кентіндегі №234 Ж.Жабаев атындағы орта мектепті 1995 жылы бітіргені жөнінде берілген ОА-ІІ №0125905 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

Айнур Абдурағимовна Мыржибасеваға 2002 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы №110 орта мектепті бітіргені жөнінде берілген №Об 0687450 аттестатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

АҚЫЛМАН ТҮТАР АҒАМЫЗ ЕДІ

Үстіміздегі жылдың 29 шілдесінде теміржол саласының еңбек ардагері, «Құрметті теміржолшы», Қызылорда вагон депосында 50 жыл еңбек атқарған ардақты ағамыз Жүнісов Асылбек Жүнісұлы 76 жасында өмірден өтті.

Асылбек Жүнісұлы 1938 жылдың 11 ақпанында Қызылорда облысы, Теренөзек ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын 1957 жылы Қызылорда вагон депосында бастап, 1965 жылы Ташкент темір жол инженерлері институтын инженер-механик мамандығымен бітірді. Еңбек сатыларымен цех бригадирі, цех шебері, вагон қабылдаушысы, жолаушы вагон шаруашылығының Қызылорда регионалды филиалы директорының орынбасары, зейнетке шыққаннан кейін өндірістік-диспетчерлік бөлімнің диспетчері қызметін ұзақ жылдар атқарып келді.

Асылбек Жүнісұлы жоғары техникалы біліктілігі мен адалдық қасиеттерін жастарға үйретіп, бірнеше буын теміржолшылар тәрбиеледі.

Ардагер ақсақалымыз біздің ақылшы, кеменгер, ардақ тұтағы ағамыз еді. Бүгінгі ауыр қазалы күні орны тоғамыз қайғыға ортақтасып, отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтамыз. Оның өтпелі өмірдегі жарқын істері мен абзал бейнесі біздің есімізде ұзақ сақталды.

«АВЖЗ» АҚ «Жолаушыларвагондарынжөндеу-1» филиалының әкімгершілігі.

ЗЫМЫРАП ӨТІП ЖАТҚАН ДҮНИЕ-АЙ!



Асыл ағамыз Тлеулесқызы Мәрия Досжан келінінің аялы алақанының лебін сезбегені, жайдары жүзін көрмегені, еркелете айтқан ақыл сөздерін естімегені де 10 жыл өтті.

Әкеміз Досжанұлы Қайырбай 33 жасында дүниеден озғанда ағамыз 29 жасында жесір қалып, тағдырдың тауқыметін тартып, 3 ұл, 3 қызды әрі әке, әрі шеше болып жеткізіп, ел қатарына қосты. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере сүйіп, шөберені қолынан су ішіп, ана бақытын, әке бақытын сезініп, 73 жасында балаларының алдында бақилық болды.

Өмірдің қиындығын көп көргенінізбен, ұл-қыздарыңыз есейгенде әлемдегі ең бақытты ана атандыңыз. Балаларыңыз үмітіңізді ақтап, сіз қызығатындай үлкен құрметке ие болдыңыз.

</